Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жыл 21 маусым № 3115-23-00-2/697 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.И.Таусаров,
сот отырысының хатшысы Б.Ризабекқызының
қатысуымен, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының «Талас ауданының ветеринариялық станциясы»» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Fiber Tel» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Ж.А.Сыргабаев
Жауапкер өкілі М.Е.Кожамжаров

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының «Талас ауданының ветеринариялық станциясы»» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (әрі қарай - Басқарма) және «Fiber Tel» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (әрі қарай – ЖШС) арасында 16 наурыз 2023 жылы №6 жалпы сомасы 249 999 теңге құрайтын келісім шарт жасалған (әрі қарай - Шарт).

Шарт бойынша ЖШС шартқа қол қойылған күннен бастап, 31 желтоқсан 2023 жылға дейін интернетке қол жеткізу бойынша қызметтерді орындауға міндеттеме алған, алайда жауапкер шарт бойынша өз міндеттемесін тиісті түрде орындамаған.

Талап қоюшы өз талап қою арызында, мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша жауапкермен шартқа тұрғанын, алайда жауапкер

Құжатқа қол қойылған: Таусаров С. И., 27.06.2023
Заңды күшіне енген күні: 31.07.2023, судья Таусаров С. И., 31.07.2023
3115-23-3-1/897

шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындамағандықтан, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер талап қою арызына жазбаша пікір келтіріп, онда жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін толық көлемде орындағанын көрсетіп, сол себепті талап қою арызын қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Талап қоюшының өкілі Ж.А.Сыргабаев талап қою арызын қуаттап, жауапкер шарт бойынша көзделген міндеттемелерін орындамауына байланысты, талап қою арызын толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі М.Е.Кожамжаров сот отырысында өзінің пікірінде көрсетілген уәждерге сілтеме жасап, талап қоюшының талаптарын қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Талап қою арызының уәждері, көрсетілген шартпен, шарттың №1 қосымшасымен және жауапкердің өз міндеттемелерін орындамауымен толық расталып өз дәлелін тапты.

Сонымен қатар, сот отырысында жауапкер шарт бойынша жұмыстардың орындалғандығы туралы актіні сотқа ұсынбаған. Сондықтан жауапкердің шарт бойынша өзінің міндеттемесін тиісті түрде орындағаны туралы сотта өз дәлелін таппады. Одан бөлек жауапкер шарт бойынша өзінің міндеттемелерін белгіленген уақытта орындамағандықтан.

Талап қоюшы талап қою арызымен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде жүгінген.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарт міндеттерін тиісті түрде орындамағанын ескеріп, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Таусаров С. И., 27.06.2023
Заңды күшіне енген күні: 31.07.2023, судья Таусаров С. И., 31.07.2023
3115-23-3-1/897

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының «Талас ауданының ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Fiber Tel» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Fiber Tel» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Fiber Tel» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күні 27.06.2023 жыл.

Судья С.И.Таусаров

Құжатқа қол қойылған: Таусаров С. И., 27.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.07.2023, судья Таусаров С. И., 31.07.2023

3115-23-3-1/897